

ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

Сүндетбаева Айнур – магистрант
Қазақ технология және бизнес университеті,
Астана қаласы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЭЛЕКТРОНДЫҚ САУДА МЕН ТӨЛЕМДІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Резюме: В данной статье рассмотрены условия электронной торговли, а также этапы организации и совершенствования национальной системы электронных платежей в Республике Казахстан.

Summary: In this article conditions of electronic trade, and also stages of the organization and improvement of national system of electronic payments in Republic of Kazakhstan are considered.

Бұғынгі таңда Қазақстандағы шағын және орта бизнесі дамыту мақсатында электрондық коммерцияны тиімді пайдалану жолдары жан-жакты зерттелуде. Электрондық сауда аландарын, электрондық сөрелерді, онлайн-дүкендерді құру шағын және орта бизнес инвестицияларын Интернеттің қазақстандық сегментіне тартады, бизнесі жүргізудің үстеме шығындарын төмендетеді және отандық тауарлардың сыртқы нарықтарға шығуын женілдетеді. Сонымен қатар салық базасын көтеріп, сауданың колеңкелі айналымнан шығуын қамтамасыздандырады.

Электронды коммерция тек on-line транзакциялардан құрылмайды. Оның то-лыққанды жүзеге асуына маркетингтік зерттеулер, әріптестерінің мүмкіндіктерін анықтау мәселелері, жабдықтаушылар мен тұтынушылар қызметтері, құжатайналымның дұрыс ұйымдастырылу ықпалын тигізеді. Осының өзі электронды коммерция - кешенді ұфым екендігін көрсетеді

Электронды сауда - заманауи жаңа тауар қатынасы, яғни сатып алушының электронды ақшасына сатқан сатушының тауар айырбасының жаңа түрі болып табылады. Сондықтан да электронды саудаға дәстүрлі сауда белгілері тән.

Электронды және дәстүрлі сауданың ортақ сипаттамаларын атауға болады:

сатып алушының тауар сапасымен та-нысы, тауардың сыртқы көрінісі, негізгі ерекшеліктерінің сипаттамасы, тауарды қолдану немесе пайдалану туралы кеңес, сатып алушының шешім қабылдауы, таңдалған тауар үшін есеп айырысу, са-тушының тауарды орау, дайындау және тауарды сатып алушыға жіберу, тауарды үйге жеткізу, тарауды ары қарай дайындау (құрастыру, жинау және т.б), тауарды са-тып алғаннан кейін сервистік қызмет көрсету (егер шартта қаастырылса).

Ал электрондық сауданың дәстүрлі түрінен айырмашылығын мына ерек-шеліктерден байқауға болады: тұтынушыларды дүкенге бейімдеу тәсілдерінің маңызы зор. Бұл үдеріс сауданың дәстүрлі түрінде 4 кезеңмен сипатталады: тұтынушыны жарнама арқылы еліктіре, мұнда дүкен орналасқан орын аса маңызды болып табылады; тұтынушыға дүкен сөрелерінің ерекше ұйымдастырылуымен әсер ету; тұтынушы үшін сауда алаңындағы тауардың ыңғайлы орналасуы және оның тартымдылығы; тұтынушының қажетті тауарды таңдау кезінде сауда алаңындағы сауатты кеңесшілер көмегінің ұсынылуы.

Ал, электронды сауда басқаша ұйымдастырылады:

1) Біріншіден - электронды сөрелер. Тауар туралы жарнамалық ақпарат электронды

ДОСТНИК МЕЖДУНАРОДНОГО УНИВЕРСИТЕТА КЫРГЫЗСТАНА

дүкендер сөрелерінде орналасады. Бұл қай жерден қай тауарды алу керектігін қамтамасыз ететін қысқа және түсінікті ақпарат түрі болып табылады.

2) Екіншіден – тұтынушыға психологиялық әсер етуі. Электронды саудада сатушылар сатып алушыларға психологиялық әсер ете алмайды.

3) Үшіншіден - тауар туралы ақпарат беру. Қарапайым сауда үрдісінде тауармен жеке танысу қалыптасады. Ал электронды саудада тұтынушы тауар сипаттамасымен оқу арқылы танысады.

4) Төртіншіден - сауда жасау. Қарапайым сауда жасау кезінде тұтынушы тауарды жеке сатып аллады. Ал электронды саудада сатып алушы тіркеуден өтіп, Интернет арқылы тапсырысты рәсімдейді.

5) Бесіншіден - сауданы ұйымдастыруды шығын мөлшері азайады. Электронды дүкен кенселер, оғистер, қойма және басқа да құралдардың болуын қажет етпейді.

6) Алтыншыдан - дүкенді аралау жеңілдігі. Қажет тауарды іздеу мақсатында электронды дүкенді аралау онай.

7) Жетіншіден - тиімділік деңгейі. Кез-келген электронды дүкен әлемнің кез-келген жерінде қызмет көрсетуі шектелмеген.

8) Сегізіншіден - қызмет көрсету сапасы. Электронды дүкен сатып алушыны тауар туралы толық ақпаратпен қамтамасыз ете аллады. Алайда дұрыс ұйымдастырылмаған электронды дүкен қызметі тиімді нәтиже бермейді.

9) Тоғызыншы - нарыққа шығу мерзімі. Электронды дүкенді қысқа мерзімде ұйымдастыруға болады. Өндіруші фирма тауар бағасын өзі анықтап, қадағалап отырады.

10) Оныншы - тауар түрлері. Дәстүрлі дүкенде тауар түрі аз болғандықтан сатып алушы қажетті тауарын бірнеше дүкендерден іздеуге мәжбүр болады. Егер тұтынушыға қажетті тауар бір электронды дүкенде кездеспесе, онда оны басқа дүкеннен, немесе тікелей өндірушіден табуға мүмкіндік бар.

Жоғарыда аталған айырмашылықтардан басқа электронды сауданың сапалық және сандық сипаттамалары бар.

Электронды сауда Интернет арқылы жылжы бойынша сатушы мен сатып алушының қатысуының - ақ көлісімшарттар көлемін ұлғайта береді. Ол ары қарай үлкен кәсіпкерлік істің бір бөлігіне айналады.

Жалпы алғанда Қазақстандағы электрондық сауданың қалыптасуын мен дамуы электрондық ақша жүйесін де дамытады. Мәселен, Қазақстанда бүгінде электрондық сауданы ұйымдастыру мен жүргізу бойынша инфрақұрылымды дамыту проблемалары бар, оның ішінде оларға көптеген өзара байланысты факторлар кедергі болып табылады, олардың бірі халықтың арасында интернетті қолданудың тәмен деңгейі. Дегенмен, бүгінгі күні отандық банктер, сол сияқты шетелдік электрондық ақша жүйелері нарықтық ахуалға талдау жүргізіп, нарыққа шығудың мүмкіндітерін зерделеуде. Яғни, электрондық ақша нарығын одан әрі дамытудың ықтимал бағыттары аенықталып нарықтың осы бөлігін дамытудың ең сұранысы мол әрі әлеуеті бар жолы ретінде еліміз үшін Ұлттық электрондық ақша жүйесін құрудың ықтимал үлгілері мен артықшылықтарын реттеу жөнінде ішаралар жасалып жатыр.

Банктердің нарықтағы жұмыстарының электрондық ақша әмбенттері ретіндегі түрлі бизнес-үлгілері бар және әрбір банк өзі таңдаған бизнес – саясатының мақсаттары мен міндеттеріне қарай дербес шешім қабылдауға құқылы. Соған карамастан, қазіргі кезеңде нарыққа жылдам шығу және әрбір банктің жаңа қызметті іске асыруының мәселелері емес, электрондық ақша нарығының барлық қатысушылары мен мемлекеттің ұзақ мерзімді мұдделеріне жауап беретін электрондық ақша нарығының тиімді жұмыс істейтін және әлеуетті үлгісін құру мәселелері қаралуда. Демек, нарықты одан әрі дамытудың мынадай ықтимал нұскаларын немесе бағыттарын бөліп көрсетуге болады:

ВЕСТНИК МЕЖДУНАРОДНОГО УНИВЕРСИТЕТА КЫРГЫЗСТАН

1. Банктердің өз электрондық ақша жүйелерін іске косу арқылы жүзеге асыру;
2. Банктердің электрондық ақша жүйелерін құруды инвестициялау, оларда операторлық функцияларды орындайтын мамандандырылған банктік емес ұйымдармен әріптес бола отырып, бірлескен жобаларды іске асыру;
3. Жекелеген банктердің шетелдік (халықаралық) электрондық ақша жүйелерінің бірімен ынтымақтаса отырып жобаларды іске қосуы;
4. Барлық банктермен қауымдастып, бір оператор негізінде Ұлттық электрондық ақша жүйесін құру.

Соған байланысты қазіргі кезеңде орын алғып отырған және болашақта нарықтың ретсіз дамуы кезінде туындастын кедергілерге қарсы тұра алатын, Қазақстан халқының электрондық ақша жөніндегі жаңа қызметтерге сұранысын толық қанагаттандыра алатын Ұлттық

электрондық ақша жүйесін құруды қарастыру - нарықты дамытудың тиімді жолы деп санауға болады.

Электрондық сауданың даму динамикасынан нарықтың қатысушылары тарапынан электрондық ақшаны пайдалануға сұраныс артады. Демек, Қазақстандағы электрондық сауданың болашақтағы дамуы электрондық ақшамен тікелей байланысты екендігі сөзсіз.

ПАЙДАЛАҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. <http://news.delovoimir.kz/news/view/15064>
2. <http://protorg.info/novosti/voprosy-razvitiya-kazaxstanskoy-elektronnoj-kommercii-obsuzhdaysya-v-almaty/>
3. <http://www.predictor.kz/?p=536>
4. <http://kurstenge.kz/news/show/856>
5. <http://domdeneg.kz/news/3660.html>